

## **Gracio ұсынған «Салтанаттың дәмін көр. Гауһартас ұтып ал» акциясының ережелері**

Gracio сауда белгісі ұсынған «Салтанаттың дәмін көр. Гауһартас ұтып ал» акциясының (әрі қарай мәтін бойынша – Акция) ұйымдастырушысы «RG Brands Kazakhstan» ЖШС (әрі қарай мәтін бойынша – Ұйымдастырушы) болып табылады. Акция тұтынушылардың назарын Gracio брендіне аудару және оның тұтынушылық базасын ұлғайту мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында (әрі қарай – ҚР) осы өткізілу ережелері мен Акцияға қатысу шарттарына сәйкес (әрі қарай – Ережелер) өткізіледі.

Акцияның өткізілу кезеңі: 01.12.2016 бастап, қоса алғанда 31.05.2017 дейін, жүлделерді жеткізу, қоса алғанда 31.07.2017 дейін іске асырылады.

Кәмелетке толмаған тұлғалар Акцияға қатысуға жіберілмейді.

### **1. Акцияға қатысудың жалпы ережелері.**

Акцияға:

- (ҚР заңына сәйкес) кәмелетке – 18 жасқа толған,
- «RG Brands Kazakhstan» ЖШС компаниясының, «RG Brands Kazakhstan» ЖШС барлық үлестес компанияларының және, Акцияны ұйымдастыру мен өткізуге қатысы бар және/немесе Акцияның нәтижелеріне ықпал етуге немесе оларды бұрмалауға қабілетті кез келген мүдделі тараптардың қызметкерлері емес,
- алдыңғы тармақта аталған адамдардың кез келгенінің отбасы мүшелері емес, Қазақстан Республикасының әрекет етуге қабілетті азаматтары қатыса алады.

2. Акцияға қатысу және жүлде алуға ұмтылу үшін Акция қатысушысы (әрі қарай – Қатысушы) келесі әрекеттерді орындауы қажет:

- Акцияны өткізу ережелерінің қысқаша мазмұны және «Салтанаттың дәмін көр. Гауһартас ұтып ал» мәтіні бар Gracio шырынының арнайы промоқаптамасын сатып алу;
- қақпақ астынан сандар мен әріптердің бірегей қиыстыруынан тұратын промокодты (әрі қарай – промокод) табу;
- промокодты келесі үлгіде SMS\* арқылы 7775 нөміріне жіберу: «код (бос орын) аты (бос орын) тегі (бос орын) қала»; немесе промокодты [www.dreamclub.kz](http://www.dreamclub.kz) сайтында тіркеу, тіркелген қақпақты сақтап қою;
- Ұйымдастырушы осы ережелерде қарастырылған тәртіп бойынша бірегей промокодты кімнің тапқанына және/немесе тіркегеніне қатысты Қатысушылар арасындағы дауларға араласпайды. Осы Ережелердің шарттарына сәйкес бірегей промокодты алғашқы болып тіркеген тұлға Қатысушы болып есептеледі.

3. Бір Қатысушы қанша промокодты тіркейтінін өзі біледі, әрбір промокод – бас жүлдені ұтып алатын бір мүмкіндік. Промокодтардың қисындастыруы қайталанбайды, бір қисындастыру Акцияға қатысу үшін бір реттен артық пайдаланылуы мүмкін емес. Ұйымдастырушы сәйкестендіре алмайтын промокод (барлық промокодтардың тізімі Акция Ұйымдастырушысында бар) қарастырылмайды.

4. Акция бойынша бас жүлделердің – гауһарлардың (алмастардың) иелері бүкіл Акция барысында төрт Қатысушы бола алады. Жүлделердің жалпы саны

Жүлделерді ұтып алған Қатысушылар арасында үлестіріліп берілгеннен кейін, кез келген басқа қатысушылардың қандай да бір Жүлделерге қатысты талаптары қабылданбайтын болады.

5. Акция жеңімпаздары бас жүлде ретінде гауһарларды (алмастарды) алады. Назар аударыңыз! Сайттағы жүлделердің суреттері шынайы жүлделермен толықтай сәйкес келмеуі мүмкін!

6. Акция жеңімпаздарының әрқайсысы тек бір бас жүлдені – 1 (бір) гауһарды (алмасты) ұтып ала алады.

7. ҚР, Қырғыз Республикасының және Ресей Федерациясының аумағында алғашқы болып жеті промокод тіркеген 6 000 (алты мың) қатысушы кепілді жүлдені – орамалды алады. Назар аударыңыз, орамалдар саны шектеулі – 6 000 (алты мың) дана.

8. Әр Қатысушы Акцияның бүкіл өткізілу мерзімінде орамалды үш реттен артық ұта алмайды. Назар аударыңыз! Кепілді жүлделердің суреттері шынайы жүлделермен толықтай сәйкес келмеуі мүмкін!

#### **9. Акцияның өткізілу шарттары.**

Ұйымдастырушы Акцияға қатысу үшін барлық қажетті талаптарды орындаған әр Қатысушының Ұйымдастырушының деректер базасына енгізілетініне кепілдік береді. Қатысушылардың Акцияның өткізілу ережелерімен және оған қатысу шарттарымен таныспағаны, сондай-ақ Акцияның нәтижелерімен таныспағаны үшін, Қатысушылардан хаттар, қоңыраулар, факсимилді және/немесе электрондық хабарламалар алмағаны, соның ішінде пошта қызметінің және Акцияның өткізілуі кезінде пайдаланылатын байланыс ұйымдарының кінәсінен алмағаны үшін Ұйымдастырушы жауапты болмайды.

10. Акцияның деректер базасында Қатысушыларды тіркеуге байланысты техникалық ақаулар үшін, соның ішінде:

- Қатысушы мен интернет-провайдер арасындағы шарттық қарым-қатынастардың бұзылғаны үшін, яғни Акцияның деректер базасында тіркелу мүмкін болмағаны үшін;
- Ұйымдастырушының кесірінен туындамаған интернет-провайдерлердің кез келген техникалық ақаулары үшін;
- Акцияның деректер базасында тіркелу кезінде ақауға апарып соғатын Қатысушылардың кез келген әрекеттері үшін Ұйымдастырушы жауапты болмайды.

11. Бас жүлделердің ұтыс ойыны Акцияның бүкіл өткізілу мерзімінде төрт рет өтеді. Жүлделер ұтыс ойындарының кестесі төменде көрсетілген:

- 30.12.2016;
- 31.01.2017;
- 28.02.2017;
- 28.04.2017;
- 31.05.2017.

Акцияның деректер базасында дұрыс тіркелген барлық Қатысушылар арасынан компьютерлік бағдарлама кездейсоқ әдіспен төрт Қатысушыны таңдайды. Ұтыс ойынының нәтижелері мен жеңімпаздардың аттары [www.dreamclub.kz](http://www.dreamclub.kz) сайтында

жарияланатын болады. Бас жүлделер ұтыс ойынының өткізілу күні техникалық немесе ұйымдастырушылық мәселелердің салдарынан кешірек мерзімге, бірақ үш жұмыс күннен аспайтын мерзімге ауыстырылуы мүмкін. Бас жүлделер ұтыс ойынының кестесі Ұйымдастырушының заңнамасымен, яғни ҚР заңнамасымен белгіленген демалыс және мерекелік күндерді есепке ала отырып, сондай-ақ Акция ұйымдастырушысына байланысты емес жағдайлар болып қалған кезде де түзетілуі мүмкін.

12. Жүлделер ұтыс ойыны Акция Ұйымдастырушысының комиссиясымен, кездейсоқ іріктеу қағидасы бойынша арнайы бағдарламалық модульді пайдалана отырып, Акцияның бүкіл өткізілу кезеңінде төрт рет өткізіледі. Әр дұрыс тіркелген Қатысушының қанша промокод тіркесе, сонша ұтып алу мүмкіндігі бар. Ұтыс ойынының нәтижелері мен жеңімпаздардың аттары [www.dreamclub.kz](http://www.dreamclub.kz) сайтында жарияланатын болады.

13. Ұйымдастырушы Жеңімпазға жүлдені тапсырған сәтке дейін жүлдені баламалы ұтысқа айырбастау құқығын өзіне қалдырады.

14. Жүлде алуға үміттенген Акция Қатысушысы осы ережелермен [www.dreamclub.kz](http://www.dreamclub.kz) сайтында танысуға, жүлдені алу үшін Ұйымдастырушы беретін барлық қажетті құжаттарды толтырып, қол қоюға, сондай-ақ электрондық пошта бойынша хабарлама алған немесе Акция Ұйымдастырушысының комиссиясы сұрау салған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде барлық қажетті ақпаратты беруге міндеттенеді.

15. Жүлдеге меншік құқығы мен оның кездейсоқ бөліну қаупі оны алған сәтте Қатысушыға өтеді. Осы сәттен бастап кепілді жүлденің немесе бас жүлденің жоғалуына, оны иелену мен пайдалануға байланысты қауіп үшін Ұйымдастырушы жауапты болмайды.

16. Жүлде Акция Қатысушысына тек осы Ережелерге сәйкес беріледі. Акцияның өткізілуі мен жүлдені алуға байланысты даулы мәселелер туындаған жағдайда, Ұйымдастырушының шешімі ақырғы болып табылады.

17. Жүлде Қатысушыға тұрғылықты жері бойынша беріледі. Ұйымдастырушы өзіне ыңғайлы тәртіп бойынша Қатысушыға жүлдені/бас жүлдені беруді немесе жеткізуді қамтамасыз етуге міндеттенеді. Осындай жеткізілімді жүзеге асыратын ұйымдардың жүлделерді/бас жүлделерді жеткізу мерзімін бұзғаны үшін, оларды жоғалтып, зақымдағаны үшін Ұйымдастырушы жауапты болмайды. Ұйымдастырушы жеңіс туралы хабарлама жіберген сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Қатысушы марапатты жеткізу үшін қажетті тұрғылықты жерінің мекен-жайы туралы мәліметтерді Ұйымдастырушыға хабарлауы қажет. Акция қатысушысының тегін, аты мен әкесінің атын немесе пошта мекен-жайын қате көрсетуі салдарынан марапатты қате мекен-жайға немесе басқа алушыға жіберген жағдайда, сондай-ақ қатысушы көрсеткен мекен-жайда алушы болмаған жағдайда, Ұйымдастырушы ол үшін жауапты болмайды. Акция қатысушысы деректерді қате көрсеткен жағдайда, көрсетілген мекен-жайда қатысушы болмаған жағдайда, сондай-ақ оның Марапатты қабылдау-тапсыру актісіне, Сыйға беру шартына қол қоймауы, жеке басын куәландыратын құжаттарды көрсетпеуі салдарынан қатысушыға марапат тапсырылмаған жағдайда Ұйымдастырушы марапаттарды қайта жіберу мен жеткізуді жүзеге асырмайды. Назар аударыңыз! Бас

жұлдені – гауһарды (алмасты) беру тек жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде ғана және деректердің Ұйымдастырушының деректер базасымен сәйкес келуі жағдайында ғана жүзеге асырылады.

18. Қатысушы бірегей коды бар Өнімнің промозаттаңбасының түпнұсқасын, ол тиісті марапатты алуы кезінде Ұйымдастырушыға көрсету үшін қажет болғанша сақтауға міндетті.

19. Қатысушыға жүлде құнының ақшалай баламасы төленбейді, жүлдені жеңімпазға бергеннен кейін ол қайтарылмайды, айырбасталмайды және ауыстырылмайды.

20. Жұлдеге қатысты барлық наразылықтарды Акция Қатысушысы жүлдені тікелей алған сәтте білдіруі қажет. Егер жүлдені алу сәтінде қатысушы жүлдеге қатысты қандай да бір наразылық білдірмесе, онда Қатысушы жүлдені тиісті күйінде, еш кемшіліксіз алды деп есептеледі.

21. Қатысушы [www.dreamclub.kz](http://www.dreamclub.kz) интернет-сайтында немесе SMS жіберу арқылы өзінің тіркелуімен Акцияға қатыса отырып, Акцияның бүкіл өткізілу ережелерімен және оған қатысу шарттарымен өзінің танысқанын және келіскенін растайды. Ұйымдастырушы жарнамалық мақсаттарда жеңімпаздардың аттары мен фотосуреттерін пайдалану құқығын, Акцияны ұзарту, Акция шарттарын, тапсыру үрдісін, жүлделер санын, жарнамалық Акцияны өткізудің кез келген өзге шарттарын өз бетінше өзгерту құқығын және сайтта Акция туралы және оның өткізілу тәртібі туралы қосымша ақпаратты жариялау құқығын өзіне қалдырады.

22. ҚР заңнамасымен қарастырылған, жүлдеге міндетті салықтарды төлеу бойынша міндеттемені Ұйымдастырушы өз мойнына алады.

23. Ұйымдастырушыға жүлдені алу сәтінде жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, жеке куәліктің және/немесе төлқұжаттың көшірмелерін көрсетпеуін, Қатысушының жүлдені алмауын немесе Қатысушының кінәсінен туындаған қандай да бір себептер бойынша жүлдені алмауын Ұйымдастырушы Қатысушының жүлдеден бас тартуы ретінде қарастыратын болады, ол үшін Ұйымдастырушы жауапты болмайды. Жұлдегер осы Ережелерге сәйкес қажетті құжаттарды беруден және/немесе беруге келісуден бас тартқан немесе оларды уақтылы (Ұйымдастырушы хабарлаған күннен бастап он жұмыс күннен кешіктірмей) жібермеген жағдайда, Ұйымдастырушы жүлдені беруден бас тартуға және, резервтік жүлдегердің пайдасына ағымдағы жүлдегердің жазбаша түрде бас тартуын алмастан, ағымдағы жүлдегерді резервтік жүлдегерге ауыстыруға құқылы.

24. Жұлдені ұтып алған Қатысушы, оған Ұйымдастырушы ешқандай сыйақы төлеместен, Акцияға қатысқаны туралы, соның ішінде радио және телевидение арқылы, сондай-ақ өзге бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамалық сұхбат беруге немесе графикалық жарнамалық материалдар дайындау үшін бейнероликтерге түсуге және фотосессияларға қатысуға өз келісімін береді. Осындай сұхбат пен өзге материалдардың барлық авторлық құқықтары, мерзімі мен аумағы шектелместен Ұйымдастырушыға тиесілі болады.

25. Қосымша ақпаратты сондай-ақ жедел желі телефоны бойынша алуға болады. Қазақстандағы ұялы телефондарға арналған нөмір: 7775. Қоңырау шалу тегін.

26. Акцияның өткізілу тәртібі мен шарттарына, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Акцияның өткізілу мерзіміне, берілетін жүлделердің саны мен тізіміне, Акцияны өткізудің кез келген өзге шарттарына кез келген өзгертулер енгізілген жағдайда, Ұйымдастырушы Акцияның өткізілу кезеңінде қосымша ақпаратты [www.dreamclub.kz](http://www.dreamclub.kz) сайтында жариялау құқығын өзіне қалдырады.

27. Қатысушы тіркеу нысанын толтыру арқылы өз жеке деректерін Ұйымдастырушы мен оның уәкілетті тұлғаларына беруге, өңдеуге, сақтауға және пайдалануға, сондай-ақ Ұйымдастырушының өткізетін акциялар аясында оларды әрі қарай пайдалануына өз келісімін береді.

28. Қатысушы тіркеу нысанын толтыру арқылы Акция шарттарымен толықтай келіседі, сондай-ақ Ұйымдастырушыдан ақпараттық хабарламалар, соның ішінде SMS, WhatsApp немесе электрондық пошта арқылы хабар алуға өз келісімін береді.

29. Ұйымдастырушы Қатысушының осы Ережелерді сақтауын талап етуге құқылы.

30. Осы Ережелерде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Акция Қатысушыларымен жазбаша келіссөздер немесе өзге байланыстар жасамау құқығын Ұйымдастырушы өзіне қалдырады.

---

\* SMS құны – барлық ұялы операторлардың абоненттері үшін 7 теңге.